

Жоба атауы, ЖТН	AP13268850 - М.Әуезовтің тілдік тұлғасын білім беру жүйесінде оқыту аспектілері
Орындалу мерзімі	12.05.2022-31.12.2024
Жоба жетекшісі	Кушкимбаева Айнур Серикбаевна, Ph.D., Қазақ филологиясы кафедрасының доценті
Реферат	<p>Жоба барысында тілдік тұлғаның оқу мәдениетін қалыптастыру мен дамыту үшін М.Әуезовтің вербальды-семантикалық, лингвокогнитивтік, прагматикалық деңгейін танытатын шығармаларының тізімі жасалып, олар жеке-жеке талданады. Бұл ретте біз өзіміздің міндетімізді белгіленген қасиеттері бар жеке тұлғаны қалыптастыру емес, білім алушылардың жеке функцияларын толыққанды көрсету және одан әрі дамыту үшін жағдай жасаймыз. Пән саласынан мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекеті формасына ауысатын танымдық тәжірибеден айырмашылығы, жеке тәжірибе - бұл жеке тұлғаның субъективті бастамасы, жағдайды оның қажеттілік мәні бойынша зерттеу. Оқу міндеті өмірлік проблема ретінде тәжірибелі болған кезде жеке деңгейде шешіледі, бұл өз кезегінде зияткерлік құрылымдарды жұмылдырады және дамытады.</p> <p>Осы ұстанымды дамыта отырып, біз мынаны негізге аламыз: пәннің алдында пайда болатын білім мазмұны дидактикалық тұрғыдан өңделген әлеуметтік-мәдени тәжірибеден (біздің жобамызда негізгі "құрал" - М.Әуезовтің вербальды-семантикалық, лингвокогнитивтік, прагматикалық деңгейін танытатын шығармалар) және субъект-субъектілік қарым-қатынас, рефлексия және мағыналық шығармашылық негізінде алынған жеке тәжірибеден тұрады.</p> <p>Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің міндеттерінің өзгеруіне орай, білім берудің үш тұжырымдамалық үлгісі анықталды. Олар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. пәнге бағытталған білім беру үлгісі; 2. тұлғаға бағдарланған оқыту үлгісі; 3. пәндік және тұлғаға бағдарланған оқыту үлгілерінің кіріктірілген түрі–ынтымақтасу үлгісі. <p>Білім беру парадигмасының өзгеруіне орай, жеке тұлғалық парадигмаға көшу қазіргі білімнің басты тенденцияларының бірі болып саналады. Бұл – технократтық қоғамның дағдарысынан туындаған адам жайлы ойлаудың тереңдігінің көрінісі. Тұлғалық парадигма білімнің мөлшерінің өсуі, ондағы бірсарындылық сияқты құбылыстарды мойындамайды, керісінше ол оқу үдерісіндегі ішкі ізгілікке негізделеді.</p> <p>М.Әуезовтің тілдік тұлғасының вербальды-семантикалық, лингвокогнитивтік, прагматикалық аспектілерін оқыта отырып, білім алушының жоғары мәдениетті, тұлғааралық қарым-қатынасты ізгілендіру сияқты мәселелер көзделіп отыр.</p>
Мақсаты	Автордың жеке дүниетанымындағы ұлттық рухани құндылықтары мен көркемдік-эстетикалық талғамын драмалық курсы арқылы тілдік тұлғасының вербальды-семантикалық, лингвокогнитивтік және прагматикалық ерекшеліктері аясында көрсете отырып, М. Әуезовтің драмалық шығармаларын оқытудың аспектілерін: вербальды-семантикалық, лингвокогнитивтік, прагматикалық деңгейлерін теориялық негіздеу және эксперименталды тексеру барысында білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін тиімді педагогикалық шарттарды анықтау.
Күтілетін нәтижелер	1) - Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентілі бар ғылыми 2 (екі) мақала

	<p>2) күтілетін нәтижелердің әрқайсысының қолданылу саласы және нысаналы тұтынушылары: <i>ЖОО оқытушылары, студенттер, мектеп мұғалімдері</i></p> <p>3) күтілетін нәтижелердің ғылым мен технологиялардың негізгі ғылыми бағыты мен сабақтас салаларын дамытуға әсері: <i>Тілдік тұлғаның шығармаларын оқыту арқылы білім алушылардың қазақстандық білім беру саласының бағытына сай ізгілік, тұлғалық, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, құзыреттілік негізінде білім беруді дамытады;</i></p> <p>4) алынған ғылыми нәтижелерді коммерцияландырудың қолданылымдығы және (немесе) мүмкіндігі: <i>жобаның нәтижесінде ақылы тренингтер ұйымдастырып, әдеби шығармаларды оқуға құштарлықты оятуға болады;</i></p> <p>5) негіздемесі бар жоба нәтижелерінің әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, ғылыми-техникалық, мультипликативтік және (немесе) өзге де әсері: <i>ғылыми жарияланымдар арқылы тілдік тұлғаны оқыту аспектілерінің ерекшелігін әлемге танытады.</i></p> <p>6) сапалық және сандық сипаттамаларын көрсете отырып, жобаның басқа да тікелей және жанама нәтижелері қосымша көрсетіледі. <i>Жобада қолданылатын сауалнама, бақылау тәрізді сандық әдістер арқылы қатысушы респонденттердің әдеби шығармаларды қаншалықты көп немесе аз оқитынын анықталады. Бұл білім алушылардың әдеби шығарманы оқуға құлшынысын арттыру үшін қажет. Сұхбаттар, жазбаша мәтіндер, көркем суреттер, фотосуреттер т.б. сапалық әдістер арқылы білім алушылардың әдеби шығармаларды қандай деңгейде қабылдайтынын анықталып, болашақта мектеп бітіруші түлек, университет қабырғасына кемінде 100 (жүз) әдеби шығармамен танысып, мазмұнын біліп баруы қажет деген идеяны ұсынады.</i></p>
Зерттеу тобы	<p><i>Жетекші:</i> Кушкимбаева Айнур Серикбаевна, Ph.D., Хирш индексі – 2, Scopus - Author ID 56027951600 ORCID: 0000-0001-5546-4513</p> <p><i>Ғылыми кеңесші:</i> Тымболова Алтынай Оразбековна, филол.ғ.д., профессор, Хирш индексі – 2, Scopus Author ID: 57224322854, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8527-0338</p>
Ғылыми басылымдардағы жарияланымдар	<p><i>1. Кушкимбаева Айнур Серикбаевна, Жексенова Айгүл Таңжарқызы, М.Әуезовтің шағын және орта көлемді шығармаларының зерттелуі.</i> 111-121 бб. Publisher.agency : Proceedings of the 1st International Scientific Conference «Scientific Research and Experimental Development» (November 03-04, 2022). London, England, 2022. 378p Взгляд No 1 (2022): Научные исследования и экспериментальные разработки (publisher.agency)</p> <p><i>2. Кушкимбаева Айнур Серикбаевна, М.Әуезовтің тілдік тұлғасы: оқыту мәселелері.</i> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Филология институты белгілі әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Балтабай Әбдіғазизұлының 70 жылдық мерейтойына орай "Заманауи білім беру кеңістігіндегі филология ғылымы: дәстүр мен инновация" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 22.12. 2022 жыл, 100-106 бб.</p>

